

Бонустық бағдарлама шарттары

1. Негізгі ережелер

1.1. Осы Шарттар "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі-Банк) карталарын ұстаушы, жеке тұлғаларға арналған Бонустық бағдарлама тәртібі мен мерзімдерін анықтайды.

1.2. Бонустық бағдарламаның әрекет ететін мерзімі - егер Банктің Уәкілетті органы Бонустық бағдарламаның қолданылуын тоқтату туралы шешімі қабылданбаса, келесі күнтізбелік жылға жыл сайынғы автоматты түрде ұзарта отырып, 2025 жылғы "01" маусымнан басталады.

1.3. Акцияларды іске қосу, тоқтату және осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарына өзгерістер енгізу туралы шешімді Банктің Басқарма Төрағасы тиісті өкілеттіктер шеңберінде қабылдайды.

1.4. Осы Шарттарда қолданылатын жалпы ұғымдар:

Науқан - банк өнімдерін/қызметтерін пайдалана отырып анықталған операция/әрекеттерді жүргізу немесе Банк Карталарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз операциялар жасағаны үшін Бонустық шоттарына Бонус есептеу арқылы Клиент ниеттілігін сақтауға бағытталған Банк Бонустық бағдарлама шеңберінде жүргізетін кампания/белсенділігі. Науқан шеңберінде Клиенттер Банк белгілеген Науқан шарттарын орындаған кезде қосымша Бонустар алады. Науқанның уақыт шеңбері және оларға қатысқысы келетін Клиенттер ескеретін қосымша шарттары болуы мүмкін.

Банк-эквайер – сауда-сервистік кәсіпорындарға қызмет көрсететін банк.

Қолма-қол ақшасыз жүргізілетін операциялар - QR және/немесе Картаны қолданып сатып алған кезде жасалған Банктің мобильді қосымшасындағы төлемдер мен/немесе Retail операциялары.

Қолма-қол ақшасыз айналым - бұл алдыңғы есеп айырысу кезеңінде Клиент Карталары бойынша жасалған қолма-қол ақшасыз операциялардың жалпы сомасы, ол ағымдағы есеп айырысу кезеңінде Клиенттің бонустық шотына есептелетін бонустардың мөлшерін анықтайды.¹ Бұл ретте Клиент Карталары бойынша қолма-қол ақшасыз айналым сомасын есептеу кезінде Бонустар есептелмейтін және Банктің ресми сайтында орналастырылған (www.eubank.kz) бонустарды жұмсау мүмкін болмайтын Ерекшелік тізімінде көрсетілген операциялар Retail есепке алынбайды (бұдан әрі - Ерекшеліктер тізімі). Көрсетілген шектеулер мобильді қосымшада жүргізілген төлемдерге қолданылмайды. Ағымдағы есеп айырысу кезеңінде қолма-қол ақшасыз операция күшін жойған (қайтарылған) жағдайда, алдыңғы есеп айырысу кезеңіндегі қолма-қол ақшасыз айналымның жалпы сомасы қайтарылған қолма-қол ақшасыз операция сомасына пропорционалды сомаға азаяды.

Бонус - Клиент Бонустық бағдарлама/науқан талаптарын қанағаттандыратын операцияны жүзеге асырған кезде Клиентке Банктің меншікті қаражаты есебінен ұсынылатын шартты бірлік. Бонустар Клиенттің арнайы бонустық шотында жинақталады.

Банк Картасын пайдаланған Бонустарды қолдану операциялары үшін (бұдан әрі-Бонустарды жұмсау) 1 Бонус 1 теңгеге тең.

Бонустық шот - Бонустарды есептеу/жұмсауға арналған Банк ашатын Клиенттің (Негізгі картаны ұстаушы) арнайы шоты.

Бонустық бағдарлама - бұл осы Бонустық бағдарлама/науқан шарттарына сәйкес келетін операцияларды жасағаны үшін бонустарды есептеуге негізделген Банк Карталарын ұстаушы-Клиенттерді ынталандыру және көтермелеу жүйесі.

¹Ұсынылатын Бонустардың мөлшері Бонустарды Бонустық бағдарлама шеңберінде есептеу мөлшерлемелеріне сәйкес айқындалады.

Сүйікті санат - Клиентке Банктің ресми сайтында (<http://www.eubank.kz/>) орналастырылған Банк айқындаған MCC код тізімі бойынша жоғарылатылған бонустарды алу мүмкіндігін мобильді қосымшада қосуға мүмкіндік беретін бонустық шот опциясы. Сүйікті санат бойынша есептелетін Бонустардың мөлшері Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz) орналастырылған Бонустық бағдарлама шеңберінде есептелетін бонустарды есептеу мөлшерлемесінде көрсетілген (бұдан әрі - Бонустарды есептеу мөлшерлемесі). Клиент Банктің мобильді қосымшасында қосқан өзінің Сүйікті санаты күнтізбелік 30 күннен кейінге ғана жарамды.

Операция - Клиент белсенділігі, оның ішінде Банк ресурстарындағы шығыс операциялары, депозиттерде (салымдарда) ақшаны сақтау, қолма-қол ақшасыз операциялар, банк карталарын пайдалана отырып ағымдағы шоттарда қаражатты сақтау және нәтижелері бойынша Банк бонустарды есептейтін Бонустық бағдарлама/науқан талаптарына жататын өзге де операциялар.

Серіктес - Бонустық бағдарлама/науқан шеңберінде Банкпен ынтымақтастық туралы шарт жасасқан, Клиентке серіктестердің сауда-сервистік кәсіпорындарында артықшылықтар (тауарларға/қызметтерге жеңілдіктер, бонустардың жоғары мөлшері және т.б.) алуға мүмкіндік беретін ұйым.

Төлем карточкасы (бұдан әрі - Карта) - банк эмиссиялайтын VISA International / Mastercard Worldwide халықаралық төлем жүйесінің төлем карточкасы, Банктің ішкі нормативтік құжаттары мен Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес өтініш пен өзге де құжаттар негізінде Клиентке Банк ашатын төлем карточкасы.

Есептеу кезеңі - бұл Клиенттің Карта мен/немесе Операцияларды пайдалана отырып, Қолма-қол ақшасыз операцияларды жүзеге асыратын күнтізбелік ай.

ҚБҚКЖ/мобильді қосымша - қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі - электрондық банк қызметтерін алу мақсатында смартфондарда, планшеттер мен басқа да мобильді құрылғыларда (App Store, Google Play қосымшаларынан тегін жүктеледі) жұмыс істеуге арналған Банктің мобильді қосымшасы.

Науқан шарттары - Банк Клиенттің Бонустық шотына Уәкілетті тұлғаның/уәкілетті органның шешімі бойынша немесе бонустарды есептеу мөлшерлемесінде анықталған тәртіппен және көлемде аудару міндеттемесіне әкеп соғатын оқиға.

Уәкілетті тұлға - Науқандарды іске қосу, тоқтату және осы Бонустық бағдарлама/науқан шарттарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдауға өкілеттік берілген Банк Басқармасының Төрағасы.

Уәкілетті орган - Науқанды/Бонустық бағдарламаны іске қосу/қолданысқа енгізу және тоқтату туралы шешім қабылдауға өкілетті Банктің алқалы органы.

Клиент - жеке тұлға, Қазақстан Республикасының резиденті/бейрезиденті, атап айтқанда банк шығарған және осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарына сәйкес келетін операцияны жүзеге асырған VISA International/Mastercard Worldwide халықаралық төлем жүйесінің картасын ұстаушы.

Е-com – Банк Карталарын пайдалана отырып, интернет желісінде жүргізілген тауарлар мен қызметтердің ақысын төлеу жөніндегі шығыс операциясы. Бұл белгіні операцияның қалған атрибуттары бар халықаралық төлем жүйесі береді.

MCC (Merchant Category Code) коды –сауда-сервистік кәсіпорындардың қызмет түрі бойынша жіктеуге арналған сауда нүктесі түрінің коды. Бұл кодты эквайер-Банк сауда-сервистік кәсіпорынға береді.

POS-терминал – Карталарды төлемге қабылдайтын электрондық құрылғы.

Retail операциясы –сауда-сервистік кәсіпорындардың POS-терминалдары мен интернет желісінде (Е-com) банк карталарын пайдалана отырып, тауарлар мен қызметтердің ақысын төлеу жөніндегі шығыс операциясы.

2. Жалпы шарттары

2.1. Бонустық бағдарлама мәні:

2.1.1. Бонустарды Клиентке есептеу және оларды Клиенттің бонустық шотына аудару.

2.1.2. Клиенттің Бонустарды жұмсауы

2.2. Бонустық бағдарламаға Бонустық бағдарлама кезінде жасалған әрбір Операция, Науқан жүргізу және осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарына сәйкес жүргізілген Науқан қатысады.

2.3. Бонустық бағдарламаға/науқанға қатысатын/ қатыспаған кезде есептелетін бонустар саны мен Операциялар түрлері Бонустарды есептеу мөлшерлемелері мен Ерекшеліктер тізімінде және/немесе Уәкілетті тұлға/Уәкілетті орган шешімі арқылы анықталады.

3. Қатысу тәртібі

3.1. Бонустық бағдарлама/Науқанға қатысу үшін:

3.1.1. Картаны пайдалана отырып Банкте ағымдағы шот ашу немесе Науқан барысында Банкте Картаны пайдалана отырып ашқан қолданыстағы ағымдағы шоты болуы керек.

3.1.2. Науқан барысында осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарына сәйкес Операцияларды жасау. осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарына сәйкес келетін барлық жеке тұлға, атап айтқанда Банк Карталарын ұстаушы автоматты түрде Бонустық бағдарлама/Науқанға қатыса алады. Бонустық бағдарлама/Науқанға қатысушылар Бонустық бағдарлама/Науқанға қатысу және осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарын сақтауға келісім береді.

3.2. Банк Клиентке (негізгі Картаны ұстаушы) автоматты түрде Бонустық шот ашады.

3.3. Клиент (негізгі Картаны ұстаушы) Бонустық шот қозғалысы мен қалдығын (кіріс/шығыс) мобильді қосымшадан көре алады.

3.4. Жоғары бонус алу үшін Клиент (негізгі Карта ұстаушы) Карта шығару талаптарына өзгеше көзделмесе мобильді қосымшадағы "Сүйікті санат" бөлімінде қажетті Бонустық шот опциясын қосуы керек.

4. Бонустарды есептеу тәртібі

4.1. Осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарына сәйкес келетін Бонустарды есептеу сомасы барлық сатып алу санаттары үшін операцияны өңдеу фактісі бойынша бонустық шот пен "Ойын-сауық" санаты бойынша Банк есептеген бонустар үшін күнтізбелік 10 (он) күннен кейін көрсетіледі.

4.2. Бонустардың сомасы бүтін санның жүзден бір бөлігіне дейін дөңгелектенеді де, Клиентке есептеледі.

4.3. Егер Операцияны күші жойылған (қайтарылған) жағдайда есептелген Бонус сомасы Клиенттің Бонустық шотынан қайтарылған Операция сомасына пропорционалды сомада есептен шығарылады.

4.4. Банк өз қалауы бойынша осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарынан тыс Клиенттің Бонустық шотына қосымша Бонус есептеуге құқылы. Қосымша есептелген Бонустар мобильді қосымшадағы Бонустық шоттың үзінді көшірмесінде көрсетіледі.

4.5. Қосымша карталарға есептелетін бонустар негізгі карта ұстаушының Бонустық шотына есептелінеді.

4.6. Бонустар Клиент тиісті нұсқауды жойған немесе оның орындалуын тоқтатқан жағдайларда, сондай-ақ мынадай операцияларды жүргізген кезде есептелмейді:

– Бонус есебінен жүргізілген қолма-қол ақшасыз операция-Бонустарды жұмсаған кезде;

- Қолма-қол ақшаны алған кезде (соның ішінде банкомат немесе қолма-қол ақша беру пунктiнен);
- Картаны пайдалана отырып, ағымдағы шотқа ақша аударған кезде;
- бұрын Қолма-қол ақшасыз операция бойынша есептен шығарылған ақшаны ағымдағы шотқа Картаны пайдалана отырып қайтарған кезде;
- Жол жүру чектерiн, сондай-ақ ұқсас ақша (криптовалюта, электрондық валюта және т.б.) сатып алғанда;
- шетел валютасын сатып алғанда және шетел валютасын сатып алумен байланысты комиссия төлеген кезде;
- мөлшерлемелер мен паридi, лотерея билеттерiн, жұлде ұтыстарына қатысу құқығын немесе басқа да көтермелеудi төлеген кезде (Банктің мобильдi қосымшасындағы ұқсас төлемдерден басқа);
- ақша аударған кезде;
- Қазақстан Республикасындағы екiншi деңгейдегі банктер алдындағы берешектердi тиiстi шарт бойынша төлеген кезде;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, соның iшiнде уәкiлеттi орагндардың, Қазақстан Республикасының екiншi деңгейдегі банктерi, сот орындаушыларымен шектелмеген негiзде Клиент шотына қойылған шектеулер/тыйым салулар болған жағдайда;
- B2B сервистерi мен бизнес-қызметтердi төлеген кезде (Банктің мобильдi қосымшасындағы ұқсас төлемдерден басқа);
- электрондық әмияндарды толтырған кезде;
- телекоммуникациялық жабдықтарды, соның iшiнде телефон сатылымын сатып алғанда;
- жарнамалық қызметтердi төлегенде (Банктің мобильдi қосымшасындағы ұқсас төлемдерден басқа);
- ломбардтарда төлем жасағанда;
- сот орындаушы қызметтерiн және/немесе сот қызметтерi мен/баж салықтарын төлеген кезде;
- айыппұл, салық, баж салықтарын төлеген кезде;

Бонустар есептелмейтiн сауда-сервис кәсiпорындары мен МСС кодтарының тiзiмi Ерекшелiктер тiзiмiнде көрсетiлген.

5. Бонустарды пайдалану тәртібі

5.1. Есептелген Бонустарды келесі жолдармен пайдалануға болады:

5.1.1. Осы Шарттың 5.5 - тармағында көрсетiлген Операциялардан басқа қолма-қол ақшасыз операцияларды жүргiзу (әрбiр қолма - қол ақшасыз операциялардың алдында мобильдi қосымшадағы Бонустарды жұмсауды iске қосу қажет). Клиент Бонустарды мерзiмсiз жұмсай алады және Банктің мобильдi қосымшасында немесе Карта бойынша (сәттi/сәтсiз) жүргiзiлген Қолма-қол ақшасыз операциядан кейiн автоматты түрде өшiрiледi;

5.1.2. Төлемдердi мобильдi қосымшада жүргiзу.

5.2. Бонустарды жұмсаған кезде ақша Клиенттiң Бонустық шотынан және Картаны* пайдалана отырып ағымдағы шоттан бiрмезгiлде есептен шығарылады. Қолма-қол ақшасыз операцияны өндегеннен кейiн жұмсалған Бонус сомасы Клиенттiң Карта пайдаланылған ағымдағы шотына теңге валютасында есептеледi. Жұмсалған Бонустар Клиенттiң мультивалюталық Картасының валюталық ағымдағы шотына есептелмейдi.

5.3. Бонустардың әрекет ету мерзiмi - 6 (алты) ай. Пайдаланылмаған Бонустар Клиенттiң Бонустық шотынан олар Бонустық шотқа есептелген күннен бастап 6 (алты) ай iшiнде есептен шығарылады.

5.4. Клиент Бонустарын Банк Клиент атына Банкте Картаны пайдалана отырып ашылған барлық ағымдағы шоттарын Клиент (негізгі Карта ұстаушысы) жапқаннан кейін 30 күнтізбелік күннен кейін есептен шығарады.

5.5. Бонустар Клиент тиісті нұсқаудың күшін жойған немесе оның орындалуын тоқтатқан жағдайларда, сондай-ақ мынадай операцияларды жүргізген кезде есептелмейді:

- Қолма-қол ақшаны алған кезде (соның ішінде банкомат немесе қолма-қол ақша беру пунктінен);
 - Жол жүру чектерін, сондай-ақ ұқсас ақша (криптовалюта, электрондық валюта және т.б.) сатып алғанда;
 - шетел валютасын сатып алғанда және шетел валютасын сатып алумен байланысты комиссия төлеген кезде;
 - мөлшерлемелер мен париді, лотерея билеттерін, жүлде ұтыстарына қатысу құқығын немесе басқа да көтермелеуді төлеген кезде (Банктің мобильді қосымшасындағы ұқсас төлемдерден басқа);
 - ақша аударған кезде;
 - Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктер алдындағы берешектерді тиісті шарт бойынша төлеген кезде;
 - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, соның ішінде уәкілетті орагндардың, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, сот орындаушыларымен шектелмеген негізде Клиент шотына қойылған шектеулер/тыйым салулар болған жағдайда;
 - B2B сервистері мен бизнес-қызметтерді төлеген кезде (Банктің мобильді қосымшасындағы ұқсас төлемдерден басқа);
 - электрондық әмияндарды толтырған кезде;
 - телекоммуникациялық жабдықтарды, соның ішінде телефон сатылымын сатып алғанда;
 - жарнамалық қызметтерді төлегенде (Банктің мобильді қосымшасындағы ұқсас төлемдерден басқа);
 - ломбардтарда төлем жасағанда;
 - сот орындаушыларының және/немесе сот қызметтерін/баж салықтарын төлеген кезде (Банктің мобильді қосымшасындағы ұқсас төлемдерден басқа);
 - айыппұл, салық, баж салықтарын төлеген кезде;
- Бонустарды сауда және сервис кәсіпорындарында жұмсауға жол бермеу тізімдері мен МСС тізімі Ерекшеліктер тізімінде көрсетілген.

6. Бонустық бағдарламаның басқа шарттары

6.1. Клиенттің Бонустық бағдарлама мен Науқан барысында Бонус есептеуге байланысты туындаған кез келген наразылықтары бойынша Банктің Клиент алдындағы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілігі Клиент даулаған Операция бойынша тиісті Бонус сомасын есептеу арқылы шектеледі. Банк даулы Операция бойынша тиісті тексеру жұмыстары аяқталғанға дейін Клиентке тиісті Бонустарды есептеу/пайдаланудан бас тартуға құқылы (Бонустарды бұғаттау).

6.2. Банк Бонустық бағдарлама шарттарына Шарттарды жаңа редакцияда бекіту арқылы біржақты тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

6.3. Бұл ретте Банк енгізілген өзгертістер жайлы Клиенттерді келесі тәсілдермен хабардар етеді:

- Банктің (<http://www.eubank.kz/>) ресми сайты арқылы;
- PUSH және/немесе SMS- хабарлама жіберу арқылы.

Клиенттерге хабарлау шаралары Уәкілетті тұлға/Уәкілетті орган тиісті шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

6.4. Бонустық бағдарламаға/Науқанға қосыла отырып, Клиент Банк осы Бонустық бағдарламаға/Науқан шарттарына енгізген өзгерістер мен толықтыруларды дербес бақылап отыруға келіседі. Клиенттің Бонустық бағдарлама/Науқан талаптарын қанағаттандыратын операцияларды Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарына Банк жаңадан енгізген өзгерістер/толықтырулар күшіне енгеннен кейін жасауы Клиенттің Бонустық бағдарлама/Науқанның жаңа шарттарымен келіскенін растайды.

6.5. Банк осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарынан тыс Клиенттің Бонустық шотынан, сондай-ақ бұғатталған Клиенттердің Бонустық шоттарынан кез келген себеппен, оның ішінде егер Клиент осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарын сақтамаса және/немесе оларды** теріс пайдаланған жағдайда, бонустарды акцептсіз тәртіппен есептен шығаруға құқылы.

6.6. Банк Клиенттің Бонустық бағдарламаға/науқанға қатысуын кез келген себеппен, оның ішінде егер Клиент осы Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарын сақтамаса және/немесе оларды теріс пайдаланса, мынадай жағдайларда, бірақ осы жағдайлармен шектелмей алдын ала ескертпестен, біржақты тәртіппен алып тастауға, тоқтата тұруға, шектеуге, сондай-ақ тоқтатуға құқылы:

- Банк Бонустық бағдарламаны/Науқанды Клиент кәсіпкерлік қызметті, оның ішінде туристік қызметті жүргізу мақсатында пайдаланған деген негіздері болған жағдайда;

- Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасы мен/немесе Банктің ресми сайтында орналастырылған (www.eubank.kz) "Еуразиялық банк" АҚ банктік және өзге де қызметтерді көрсету жөніндегі стандартты талаптары шеңберінде Клиент қабылдаған міндеттемелерді (Қосылу шарты) бұзған жағдайда, оның ішінде қосылу шарты бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда;

- Банк қалауы бойынша өзге жағдайларда.

6.7. Клиенттің Бонустық бағдарламаға/Науқанға қатысуын шеттету, тоқтата тұру кезеңінде жүргізілген операциялар үшін бонустар, оның ішінде Клиенттің Бонустық бағдарламаға/Науқанға қатысуы қайта басталғаннан кейін есептелмейді.

6.8. Банк Клиентке Бонустар есептелген Операцияның жасалғанын растайтын чектерді/өзге де құжаттарды ұсынуын сұратуға құқылы. Клиент Банкке көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Банк Клиентке тиісті операция үшін бонус есептеуден бас тартуға құқылы.

6.9. Банк деректер мен операцияның басқа белгілерін (мысалы: МСС коды, электрондық коммерция белгісі және т.б.) халықаралық төлем жүйелерінен дұрыстығы үшін жауап бермейді және алынған ақпаратқа сәйкес бонустарды сол күйінде есептейді.

6.10. Бонустарды есептеу оқиғалары қатысатын барлық есептеу ережелері үшін (мысалы, Депозиттегі (салымдағы) қалдықтарға есептелетін Бонус және т.б.) Банк алаяқтық әрекеттерді және бонустық бағдарламаны/науқанды теріс пайдалануды болдырмау мақсатында бонустарды оқиғаны Банк өндегеннен кейін ғана есептейді.

6.11. Банктің Сүйікті санаттарды қосуға/алып тастауға, Сүйікті санаттардағы/науқандардағы бонустарды есептеу мөлшерін және/немесе шарттарын біржақты тәртіппен өзгертуге, сауда-сервистік кәсіпорындарды, МСС кодтарды және карточкалық өнімдерді/карта түрлерін бонустық бағдарламаға/науқанға клиенттерге алдын ала ескертусіз қосуға/алып тастауға құқылы.

**Мультивалюталық карталар бойынша, теңгелік шотта ақша болмаған кезде ақша "Еуразиялық банк" АҚ банктік және өзге де қызметтерді көрсету жөніндегі стандартты талаптарында айқындалған тәртіпке сәйкес қолжетімді қалдығы бар валюталық шоттан (қосылу шарты) есептен шығарылады.*

*** Бонустық бағдарлама/науқан шарттарын теріс пайдалану-клиенттің бонустық бағдарлама/науқан шарттарын бұзатын әрекеттері (Банктің пікірі бойынша), бонустық бағдарлама/науқан шарттары мен*

олардың талаптарын сақтамау, алаяқтық әрекеттер жасау, бонустық бағдарлама/науқан шеңберінде берілетін қандай да бір артықшылықтарды/көтермелеулерді теріс пайдалану, жаңылыстыратын ақпарат беру немесе Банк серіктестеріне қате мәліметтер беру.

Осы Шарттар шеңберінде келесі оқиғаларды Банк Бонустық бағдарлама/Науқан шарттарын теріс пайдаланды деп таниды:

- Клиент картасынан тауарларды және/немесе қызметтерді корпоративтік қажеттіліктерге күнделікті, мерзімді сатып алғанда;

- Супермаркеттерде, электроника дүкендері мен басқа да сауда нүктелерінде тауарларды/қызметтерді көтерме, күнделікті, мерзімді сатып алғанда;

- Жоғары бонус алу мақсатында Retail операциялары ретінде жасатырылған Клиент карталары бойынша аударым операцияларын орындағанда;

- Клиент Картаны пайдалана отырып, ағымдағы шоттағы ақша қалдығы үшін бонустарды есептеу бойынша шектеулерден тыс қалу үшін өз атына көптеген Карта ашқанда;

- Клиент карталарды пайдалана отырып, өз қажеттіліктері үшін емес, оның ішінде шетелдік интернет-сайттарда көтерме, жаппай, күнделікті, мерзімді сатып алғанда;

- Бонустық бағдарлама/Науқан шеңберінде бонустарды есептеу бойынша шектеулердіен тыс қалу үшін Клиентке тиесілі емес бірнеше карталарды пайдалана отырып, Клиент бір тауарды/қызметті сатып алғанда (бір чекті ұсақтау);

- Бонустық бағдарлама/Науқан шеңберінде қосымша бонустар жинақтау мақсатында Клиент басқа тұлға/басқа тұлғалардың тауарларын/қызметтерін төлегенде;

- Жалған сауда-сервистік кәсіпорындардағы операциялар үшін;

- Сауда-сервистік кәсіпорын кассирімен / иесімен сөз байласу жөніндегі операциялар үшін;

- Клиенттің карталарын пайдалана отырып, ойын интернет-сайттарында, виртуалды интернет-казиноларда, букмекерлік кеңселерде, криптовалюта сататын интернет-платформаларда күнделікті, мерзімді сатып алу, Qiwi, PayPal, Web Money және осыларға ұқсас виртуалды әмияндарды толықтырғанда;

- Телефон баланстарын толтырғанда.